

**Аудан әкімдігінің 2015 жылғы 4 мамырдағы № 17/11 "Қарағанды облысы Бұқар жырау ауданы Бұқар жырау ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы" қаулысының күші жойылды деп тану туралы**

Қарағанды облысы Бұқар жырау ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 21 маусымдағы №19/10 қаулысы

Қазақстан Республикасының 2001 жылдың 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" Заңдарына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Аудан әкімдігінің 2015 жылғы 4 мамырдағы №17/11 "Қарағанды облысы Бұқар жырау ауданы Бұқар жырау ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3234 болып тіркелген, 2015 жылғы 22 қыркүйектегі "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесі, 2015 жылғы 13 маусымдағы "Бұқар жырау жаршысы" аудандық газетінде жарияланған) қаулысының күші **жойылды деп танылсын.**

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімі аппаратының басшысы Айғаным Жолшорқызы Ақпановаға жүктелсін.

*Аудан әкімі*

*Н. Кобжанов*